

ТӨЛЕМ  
КАРТАЛАРЫНЫҢ  
ҰСТАУШЫЛАРЫН  
А ҚАУІПСІЗДІК  
БОЙЫНША  
ЖАДЫНАМА



Eurasian Bank

**Құрметті клиенттер!**

Сіздің төлем картаңыздың және картадағы ақшалай қаражаттарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік шараларымен танысуыңызға кеңес береміз.





## ЖАЛПЫ КЕҢЕСТЕР

- Банктік картаңызды алған кезде картаңыздың арғы бетінде орналасқан арнайы жерге өз қолыңызды қойыңыз. Бұл іс-әрекетіңіз сіздің картаңыз жоғалған жағдайда оны сіздің рұқсатыңызсыз пайдалану тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.
- Ешкімге ешқашан өз PIN-кодыңызды айтпаңыз.
- Егер PIN-кодты есте сақтау қиын болса, оны үшінші тұлғалар ала алмайтын әрі банктік картадан алшақ жерде сақтауға кеңес береміз. Ешқашан PIN-кодты картаның бетіне жазбаңыз.
- Қажеттілігі жоқ және сіздің төлем картаңыздың толық нөмірі көрсетілген чектерді, карта бойынша үзінді-көшірмелерді жойып тұрыңыз.
- Ешкімге және ешқашан сіздің картаңыздың келесі деректерін айтпаңыз: 16-сандық нөмірі, әрекет ету мерзімі, иесінің аты-жөні және картаның арғы бетінде берілген 3-санды код.
- Карта бойынша операцияларға қосымша бақылау жасау үшін SMS-хабарландыру қызметін қосуға кеңес береміз.
- Банктік картаңыз жоғалған немесе ұрланған жағдайда оны Smartbank-тың web-нұсқасы немесе ұтқыр қосымшасы арқылы дереу оқшаулаңыз немесе сіздің картаңызды оқшаулау туралы талабыңызбен байланыс орталығына хабарласыңыз.

## БАНКОМАТТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Банкоматты пайдаланар алдында күдік туғызатын құрылғылардың (пернетақта қаптамасы, бейнекамера және т.б.) бар-жоғын анықтап қараңыз. Оларды тапқан кезде сол банкоматты пайдаланудан бас тартыңыз, сондай-ақ сіздің күдігіңізді тексере алу үшін банктің байланыс орталығына немесе ресми аккаунттарына хабарласыңыз.
- Егер банкомат қателермен жұмыс істеп тұрса, мысалы, күту режимінде немесе қайта жүктеу кезінде ұзақ уақыт бойы тұру, ағымдағы операцияларыңызды тоқтатыңыз және төлем картаңыздың қайтарылғанын күтіңіз.
- Үшінші тұлғалардың кеңестеріне, сыбыр сөздеріне құлақ аспаңыз, сонымен қатар карта бойынша операцияларды жүргізу кезінде олардың көмегіне жүгінбеңіз.
- PIN- кодты теру кезінде пернетақтаны қалқалаңыз, ол бөтен адамдар сіздің PIN- кодыңызды көрмеу және бейнекамераға түсіріп алмау үшін қажет.
- Банкоматпен операцияларды аяқтағаннан кейін банкомат сіздің төлем картаңызды қайтарғанына көзіңізді жеткізіңіз.



## **КӘСІПОРЫНДАР АУМАҒЫНДА ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ТАУАРЛАР ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ**

- Күмән туғызатын кәсіпорындарда төлем карталарыңызды пайдаланбаңыз.
- Төлем картаңызбен операцияларды сіздің көзіңізше жүргізуді талап етіңіз.
- Кассирдің талабымен PIN-кодты теру алдында ешкім оны көре алмайтынына көзіңізді жеткізіңіз.
- Сіздің картаңыз бойынша сәтсіз транзакция орын алған жағдайда осы транзакция бойынша ақшаның кейіннен есептен шығарылғанын тексеру үшін терминал берген чекті сақтау қажет.

## **ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ТАУАРЛАР ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ**

- Сайттардың мекенжайларының (сілтемелерінің) алдында <https://> жазуы және жасыл құлыптың белгісі бар сайттардың қызметтерін және тауарларын пайдалануға кеңес береміз. Бұл белгі сайттың "Қауіпсіз қосылуды" пайдаланатынын және деректерді алмасуды қорғалған форматта жүзеге асыратынын білдіреді.
- Сіз кірген тауарлар мен қызметтер сайтының мекенжайы дұрыс жазылғанына міндетті түрде көзіңізді жеткізіңіз, себебі алаяқтар ұқсас сайттарды пайдалануы мүмкін. Мысалы: «technodom.kz» — сайттың дұрыс жазылуы, «tehnodom.kz» — сайттың дұрыс емес жазылауы.
- Дербес деректердің құпиялылығын және төлем картасының деректерін сақтау үшін сауданы тек өзіңіздің құрылғыңыздан жасауға кеңес береміз.
- Егер басқа құрылғы арқылы сатып алып жатсаңыз, онда сол құрылғыда өз дербес деректеріңізді сақтамауға кеңес береміз. Қызметті алғаннан кейін дербес деректеріңіз және сіз туралы басқа ақпарат сол құрылғыда сақталмағанына көзіңізді жеткізу қажет.